

2011 жылы шақыру учаскесіне тіркеу жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімінің 2010 жылғы 10 желтоқсандағы № 8 шешімі. Қостанай облысы Науырзым ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 19 қаңтарда № 9-16-113 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17-бабына сәйкес
Науырзым ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. 2011 жылдың қаңтарынан бастап наурызына дейін аудан аумағында тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты Қазақстан Республикасының азаматтарын "Науырзым ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің (келісім бойынша) шақыру учаскесіне тіркеу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының "Науырзым аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына (келісім бойынша) "Науырзым ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесімен (келісім бойынша) бірлесіп, тіркеуді өткізу бойынша іс-шаралар өткізілсін.

3. "Науырзым ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) "Науырзым ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесімен бірлесіп тіркеу өткізу кезеңінде ұсынылсын: әскери-оқу орындарына үміткерлерді іріктеу нарядтарын оқу орындарына жеткізу; алғашқы әскери даярлаудың оқытушы - ұйымдастырушыларын әскери-оқу орындары туралы анықтамалық материалдарымен қамтамасыз ету; бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жұмыс ұйымдастыру, әскери-оқу орындарына үміткерлерді іріктеу бойынша жұмыстың басталғаны туралы хабарландыру беру.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Х.С. Қуатқановқа жүктелсін.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі
"КЕЛІСІЛДІ"

Б. Кеңесбаев

"Қостанай облысы Науырзым
ауданының Қорғаныс істері
жөніндегі бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
б а с т ы ғ ы
----- Е. Смағұлов

2010 жылғы 13 желтоқсанда

Қостанай облысы әкімдігінің
денсаулық сақтау басқармасының
"Науырзым аудандық орталық
ауруханасы" мемлекеттік
коммуналдық қазыналық
кәсіпорнының бас дәрігері
----- С. Исмағұлова

2010 жылғы 13 желтоқсанда